

# "ҚАЗАҚСТАН ҚОР БИРЖАСЫ" АҚ

## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

Алматы қ.

13 қыркүйек 2017 жыл

### Қазақстан қор биржасында "Эмитент күні" жобасының шегінде "ҚазТрансГаз" АҚ инвесторлармен кездесуі өткізілді

2017 жылдың 13 қыркүйегінде Қазақстан қор биржасында (KASE, Биржа) "ҚазТрансГаз" АҚ, АҚШ долларымен номинацияланған, жоспарланған еурооблигациялар шығарылымы мен орналастырылуна орай, компанияның қазіргі және әлеуетті қазақстандық инвесторлары үшін презентация өткізілді.

Іс-шара, Биржаның "Эмитент күні" жобасы шегінде, "SkyBridge Invest" АҚ ұйымдастырылды, оның мақсаты компания-эмитенттің қызметі туралы инвесторларды ақпараттандыру, олардың инвестициялық мүмкіндіктері және еурооблигациялардың алдағы орналастырылуы туралы хабардарлығы болып табылады.

Осы кезде инвесторлармен қарым-қатынастар көпшілікке танымал компаниялардың қызметіндегі өзекті сала болып табылады, осыға байланысты мұндай кездесулер, бағалы қағаздары өтімді болып табылатын, барлық KASE эмитенттері үшін тұрақты негізде өткізіледі.

Презентация барысында "ҚазТрансГаз" АҚ өкілдері инвесторларға алдағы келе жатқан орналастыру туралы, сондай-ақ компанияның операциялық және қаржылық қызметі туралы ақпараттандырды.

АҚШ-та және Ұлыбританияда (Лондон қаласында) ұйымдастырылатын, әлеуетті инвесторлармен кездесулер аяқталғаннан кейін, нарықтық жағдайларға қарай, 144А Ережесіне және Reg S Қағидасына сәйкес шығарылған, АҚШ долларындағы, айналыс мерзімі 10 жылға дейін қамтамасыз етілмеген және "Интергаз Орталық Азия" АҚ кепілденген, аға еурооблигацияларын орналастыру күтілуде. Еурооблигациялар Ирландиялық қор биржасында және Қазақстан қор биржасында листингтен өтуі тұспалданады.

####

### Анықтама үшін

"Қазақстан қор биржасы" АҚ (KASE) Орталық-Азия өңіріндегі жетекші және өз қызметін Қазақстанның қаржылық нарығында жүзеге асыратын жалғыз қор биржасы болып табылады. Бұл репо нарығының құралдары, мемлекеттік және корпоративтік бағалы қағаздардың, халықаралық қаржы институттарының облигацияларының, сондай-ақ туынды қаржы құралдарының әмбебап сауда-саттық алаңы.

KASE Дүниежүзілік биржалар федерациясының (WFE), Еуро-Азиялық қор биржалардың федерациясының (FEAS) және басқа да халықаралық отандық кәсіби бірлестіктердің мүшесі болып табылады. 2015 жылы KASE БҰҰ "Қор биржалар тұрақты даму үшін" бастамасына қосылды. KASE ТМД биржалары арасында бағалы қағаздар сауда-саттығының көлемі бойынша 2-ші орынға иеленіп, FEAS биржаларының акциялар нарығының капитализациясы бойынша топ-5 кіреді.

"ҚазТрансГаз" АҚ отандық, сондай-ақ шетелдік газ нарықтарында мемлекетіміздің мүддесін қорғайтын, Қазақстан Республикасының негізгі газдыэнергетикалық және газдытранспорттық компаниясы болып табылады. Компания магистральдық газқұбырлары және газды бөлу желілері бойынша тауарлық газды тасымалдаудың орталықтандырылған инфрақұрылымын басқарады, халықаралық транзитті қамтамасыз етеді және ішкі және сыртқы нарықтарда газ сатумен айналысады, құбыр желісін және газ қоймаларын әзірлейді, қаржыландырады және

эксплуатациялайды. "ҚазТрансГаз" АҚ жалғыз акционері "ҚазМұнайГаз" ҰК" АҚ болып табылады.

Қосымша ақпарат: +7 (727) 237 5342, [pr@kase.kz](mailto:pr@kase.kz)